

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 желтоқсандағы N 1680 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 19 тамыздағы N 770. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.04.29. N 343 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 желтоқсандағы N 1680 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 52, 478-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімі туралы ережеге:

3 - т а р м а қ т а :

төртінші азатжолдағы "Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары" деген сөздер алынып тасталсын;

бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші азатжолдар мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның палаталарының н о р м а т и в т і к қ а у л ы л а р ы ;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулылары;
Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Сотының және Орталық сайлау комиссиясының нормативтік қаулылары;

Ұлттық Банктің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, орталық атқарушы органдардың азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын немесе ведомствоаралық сипаты бар нормативтік құқықтық актілері;"

4-тармақтың екінші азатжолында:

"енгізілгеннен кейін бес күн ішінде" деген сөздер алынып тасталсын;
"және орыс тілдерінде" деген сөздерден кейін "қағаз және электрондық сақтаушыларда" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК